

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«7М04103 – Есеп және аудит»**

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**2024-2026 ж.**

**АЛМАТЫ, 2024**

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 4, 01.02.2024 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 9, 01.03.2024 ж.) шешімдерімен мақұлданған

Құрастырғандар: Абдыров А.М., Кусаинова Ж.А., Ажинурина Д.А., Сейтбекова С.Т., және Шегір Ғ.

## Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы БҒМ 2022 жылдың 18 тамызында №202 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен Білім беру бағдарламасы негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

**Білім беру бағдарламасы: «7M04103-Есеп және аудит»**

Берілетін дәреже: «7M04103 - Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі

**1 КУРС**

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
<b>1 СЕМЕСТР- 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ</b>			
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 15 кр.</i>			
БП/ЖК	GTF 5202	Ғылым тарихы мен философиясы	5
БП/ЖК	ZhMP 5203	Жоғары мектептің педагогикасы	5
БП/ЖК	SHTK 5204	Шет тілі (кәсіби)	5
<i>Таңдау компоненті - 15 кр.</i>			
БП/ТК	KEI 5206	Қаржылық есеп (ілгерілемелі)	5
	DKBZhET 5207	Дағдарысқа қарсы басқару жағдайындағы есеп және талдау	
БП/ТК	KEAA 5209	Қаржылық есептілік аудитінің әдістемесі	5
	KEAHS 5208	Қаржылық есептіліктің және аудиттің халықаралық стандарттары	
БП/ТК	SBE 5210	Стратегиялық басқару есебі	5
	TBE 5210	Тереңдетілген басқару есебі	
<b>2 СЕМЕСТР - 30 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ</b>			
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 24 кр.</i>			
БП/ЖК	BP 5205	Басқару психологиясы	3
Беп/ЖК	KSZhB 5301	Кәсіпкерлік саласындағы жобаларды басқару	5
Беп/ЖК	EAGZA 5302	Есеп және аудиттегі ғылыми зерттеулер әдіснамасы	5
	PP 5201	Педагогикалық практика	
БП/ЖК	ZP 5305	Зерттеу практикасы	5
		Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	4
<i>Таңдау компоненті - 6 кр.</i>			
Беп/ТК	AKSBEE 5307	Агроөнеркәсіп кешені салаларының бухгалтерлік есебі және есептілігі	6
	ENSUBEE	Экономиканың нақты секторы ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп және есептілік	

**Пәнді сипаттау формуляры**

Пәннің коды мен атауы	<b>GTF 5202-Ғылым тарихы мен философиясы</b>
Пәннің ПОҚ	Шаракпаева Г.Д.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M04103 -Есеп және аудит

Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Философия
Пәннің постреквизиті	Факультет білім беру бағдарламаларындағы базалық және бейіндеуші пәндердің барлығы
Пәнді оқу мақсаты	Мақсаты – ғылыми танымның тарихи динамикасы негізінде алынған және тарихи өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени контекстте қарастырылған ғылыми білімді игеру арқылы арнайы қызметтің даму заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.
Пән мазмұны	«Ғылымның тарихы мен философиясы» курсы магистратураның барлық мамандықтары үшін міндетті. Ол магистранттардың бойында ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырады. Сараптамалық қабілет пен ізденіс қызметінің дағдыларын дамытып, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білімдер береді. Ғылымға және ғалымдарға қажеттілік күшейіп отырған қазіргі заманда бұл пәнді зерттеу қоғам үшін де, жас ізденуші үшін де аса маңызды. «Ғылымның тарихы мен философиясы» курсы арнайы философиялық талдау пәні болып табылатын ғылым феноменінің мәселелерімен таныстырып, ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым дамуының заңдылықтары және ғылымның білімнің құрылымы, ғылымның мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері, ғылыми ізденіс жүргізу әдістері, ғылымның қоғам дамуындағы рөлі туралы білім қалыптастырады.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>біледі және түсінеді:</b> ғылымның табиғатын, құрылымын, ұйымдастыру және қызмет ету принциптерін; ғылымның генезисі мен тарихын; ғылым тарихы мен философиясының ұғымдық аппаратын, ғылыми пәндердің қалыптасу және даму заңдылықтарын;</li> <li>- <b>қолдана алады:</b> ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау және шешу; зерттеудің қажетті әдістерін таңдау; ғылыми зерттеу, педагогикалық жұмысты жүргізуде әдіснамалық және әдістемелік білімді қолдану;</li> <li>- <b>құзретті:</b> өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу; ғылыми мақалалар жазу, конференцияларда, симпозиумдарда сөз сөйлеу.</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p style="text-align: center;"><b>Негізгі</b></p> <p>1.История и философия науки. Под ред. Крянева Ю.В., Моториной Л.Е. - М.: ИНФРА-М, 2011. – 426 с.</p> <p>2.Мырзалы С.К. Ғылымның тарихы мен философиясы. —</p>

Алматы: Бастау, 2014.

3.Степин В. С. История и философия науки. - М.: Академический Проект, 2011.- 423 с.

4.Хасанов М. Ш., Петрова В. Ф. История и философия науки. - Лжксты: Казак университеті. 2013. - 150 с.

**Қосымша**

5.Лебедев С.А, Ильин В.В. и др. Введение в философию и историю науки. - М.: Елмториал УРСС, 2009. - 344 с.

6.Ильин В В Философия науки. -М. : Либроком, 2009. - 224 с.

7.Гайденко П.П. Научная рациональность и философский разум. -М.: Прогресс-Традиция, 2010. - 528 с.

8.Нұрышева Г.Ж. Философия - Алматы, 2016.

9.История и философия науки: учеб. пособие / [М. Г. Федотова и др.; под общ. ред. М. Г. Федотовой; Минобрнауки России, ОмГТУ. – Омск: Изд-во ОмГТУ, 2018.

[https://www.omgtu.ru/scientific\\_activities/division\\_of\\_graduate\\_and\\_doctorate/graduate](https://www.omgtu.ru/scientific_activities/division_of_graduate_and_doctorate/graduate)

10.Харари, Ю.Н. ХХІ ғасырға - 21 сабақ [Мәтін] / Ю.Н. Харари; ауд. Е.Искаков, М.Сеңгірбай, Қ.Сімәділ; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 384 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

11.Харари, Ю.Н. Homo Deus: Болашақтың қысқаша тарихы [Мәтін] / Ю.Н. Харари; ауд. Е.Әбдіраман; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 436 б.- (Рухани жаңғыру).

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ZhMP 5203 - Жоғары мектептің педагогикасы</b>
Пәннің ПОҚ	Скабаева Г.Н., Кенбаева Г.К.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103 -Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Ғылым тарихы мен философиясы, Басқару психологиясы
Пәннің постреквизиті	Педагогикалық практика
Пәнді оқу мақсаты	жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениеті негіздерін қалыптастыру, педагогикалық құзіреттілікті қалыптастыру, университеттің оқу процесінде болашақ оқытушыларды жалпы мәселелермен, жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздерімен, заманауи талдау технологияларымен, оқыту мен тәрбиелеуді жоспарлау мен ұйымдастырумен, оқытушы мен білім

	алушының пәндік өзара әрекеттесуінің коммуникативті технологияларымен таныстыру.
Пән мазмұны	<p>Жоғары білім беудің қазіргі заманғы парадигмасы. Қазақстандағы жоғары кәсіби білім беру жүйесі. Педагогика ғылымының әдіснамасы. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық аппараты. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби және коммуникативті құзіреттілігі. Жоғары мектептегі білім беру теориясы (дидактика). Жоғары мектептегі қозғаушы куштері мен қағидалары. Жоғары білім берудің мазмұны. Жоғары мектепте кредиттік оқыту жүйесі негізінде оқыту процесін ұйымдастыру. Болашақ мамандарды даярлауда оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі және белсенді әдістері мен формалары. Жоғары мектептегі жаңа білім беру технологиялары. Кредиттік технология жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. ЖОО-дағы эдвайзердің, тьютордың және офис-тіркеушінің қызметі. Жоғары мектептің ғылыми іс-әрекетінің теориясы. СҒЗЖ. Жоғары мектеп маман тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеудегі әлеуметтік институты ретінде. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының мәні мен негізгі бағыттары. Жоғары білім беру жүйесіндегі Куратор. Оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы. Жоғары білім берудегі менеджмент.</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <p><b>Білуі керек:</b> қазіргі жоғары білім берудің және педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерін; ЖОО оқытушысының педагогикалық іс-әрекеттің мәнін;</p> <p><b>Іскерліктерін меңгеру:</b> педагогикалық теориялардың заңдылықтарына сүйене отырып, педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды және оларды педагогикалық ғылым тілінде сипаттауды, педагогикалық болмысты түсіндіруді, болжауды және жетілдіруді; оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамаларына негізделе отырып, оқу-тәрбие процесін құрастыруды, білім берудің TLA-стратегиясын, оқытудың кредиттік жүйесін меңгеруді; оқыту мен тәрбиелеу процесінде шығармашылық-дамытушы орта құруды; студенттерді оқыту мен өзін-өзі дамытуды ынталандыруды; педагогикалық білім беру; Блум таксономиясына сәйкес құзыреттілікті бағалау.</p> <p><b>Меңгеруі керек:</b> оқытудың тиімді ЖОО технологияларын қолдануын; студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру және басқаруын.</p> <p><b>Құзыретті болуы тиіс:</b> жоғары педагогикалық білім беру мәселелерін шешу және оның одан әрі даму перспективасына; оқытудың тиімді ЖОО технологияларын қолдану мәселелеріне; педагогикалық коммуникативтік қарым-қатынастың негізгі түрлеріне;</p>

	өзекті психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау; студенттердің қызметін ұйымдастыру және басқаруына.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p style="text-align: center;"><b>Негізгі</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаксылыкова Н.Е., Тленбаева А.А., Скабаева Г.Н. Педагогика. Учебное пособие., Алматы, 2018.</li> <li>2. Zhaxylykova N.Y., Skabayeva G.N., Tlenbayeva A.A. Pedagogy. Textbook, Almaty, 2020.</li> <li>3. Zhaxylykova, N. Educational-methodological complex of the discipline (EMCS) for a master "Pedagogy" [Текст]: for undergraduates of all specialties; KazNAU.- Almaty: Aytumar, 2018.</li> <li>4. Жаксылыкова Н.Е. Учебно-методический комплекс дисциплины (УМКД) «Педагогика высшей школы» для магистранта. Для образовательной программы магистратуры, Алматы, 2020 г.</li> <li>5. Zhaxylykova N.Y. Educational-methodical complex of discipline «PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL» for master students. For graduate education program of the master course, Almaty 2020.</li> <li>6. Жаксылыкова Н.Е. Лекционный комплекс по дисциплине «ПЕДАГОГИКА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ» для образовательной программы магистратуры, Алматы, 2020г.</li> <li>7. Zhaxylykova N.Y. Lecture complex in the discipline «PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL». For graduate education program of the master course, Almaty 2020 г.</li> </ol> <p style="text-align: center;"><b>Қосымша</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>8. Шалгынбаева, К.К. Жоғары мектеп педагогикасы [Электрондық ресурс]: электрондық оқулық / К.К. Шалгынбаева, Н. Албытова, Т.С. Сламбекова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Респ. жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана. - Алматы: РМЭБ, 2016.</li> <li>9. Жаксылыкова, Н.Е. Учебно-методический комплекс для PhD докторанта по дисциплине "Педагогическая деятельность преподавателя высшей школы" [Текст]: для PhD докторантов всех спец. / Н.Е. Жаксылыкова.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 104 с.</li> <li>10. Жаксылыкова, Н.Е. Вузовская педагогическая практика для докторантуры PhD [Текст]: учеб.-метод. пособие / Н.Е. Жаксылыкова, А.А. Тленбаева; М-во образования и науки РК; КазНАУ.- Алматы: Айтұмар, 2013.- 50с</li> <li>11. Жаксылыкова, Н.Е. Педагогическая практика для магистратуры [Текст]: учеб.-метод. пособие / Н.Е. Жаксылыкова, А.А.Тленбаева; КазНАУ.-Алматы,2015.-</li> </ol>



	<p>58с.</p> <p>12. Таубаева, Ш.Т. Педагогика әдіснамасы [Мәтін]: оқу құралы / Ш.Т. Таубаева.- Алматы: Қарасай, 2013.- 432 б.</p> <p>13. Артемьев, А.И. Краткая история педагогики (от истоков до наших дней) [Текст] /А.И. Артемьев.- Алматы: Бастау, 2013.- 344</p> <p>14. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының өзекті мәселелері [Мәтін]: әдістемелік құрал / ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: "Алма Принт" ЖШС, 2011.- 133 б.</p> <p>15. Резник, С.Д. Преподаватель вуза: технологии и организация деятельности [Текст]/С.Д.Резник, О.А. Вдовина.-3-е изд., перераб. и доп.-М: Инфра-М, 2011.- 361с.</p>
--	--

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ShT 5204 - Шетел тілі (кәсіби)</b>
пәннің ПОҚ	Омарбаева Г.С
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M04103-Есеп және аудит
Академиялық кредиттер саны	5
Оқыту түрі	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Бакалавриат бағдарламасы бойынша шетел тілі (A1,A2,B1)
Пәннің постреквизиттері	B2,C1 Деңгейі
Пәнді оқып - үйренудің мақсаты	Арнайы мақсаттар үшін шет тілі курсының мақсаты магистранттардың халықаралық қарым-қатынас тілі және ұлттық мәдениеттерді кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыста, шетелдік серіктестермен қарым-қатынаста, өздігінен білім алу және басқа да мақсаттар үшін танудың құралы ретінде шет тілін пайдалануға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті меңгеруі болып табылады. Практикалық мақсатпен қатар курс мамандықтарды игеруде білім беру және тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады, студенттердің көкжиегін кеңейтуге, олардың жалпы мәдениеті мен білімін, ойлау мәдениеті мен күнделікті және кәсіби қарым-қатынасты арттыруға, басқа елдер мен халықтардың рухани құндылықтарын құрметтеу мен толеранттылыққа тәрбиелеуге ықпал етеді.
Пәннің мазмұны	Практикалық сабақтар, МӨЖ және МӨЖ - магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы, жобалау жұмыстарын орындау
Пәннің құзыреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: 1.Әр түрлі функционалды стильдер мен жанрлардағы арнайы мәтіндер мен түпнұсқа әдебиеттерді оқу және

	талдау сияқты ауызша және жазбаша қарым-қатынас туралы білім, білік және дағдылар кешенін игеруді көрсету; 2. күнделікті және кәсіби сипаттағы әңгімеге қатыса білу, 3. сөйлеу этикетінің ережелерін сақтай отырып, монологиялық және диалогтік мәлімдеменің негізгі түрлерін игеру; 4. іскерлік жазудың негізгі түрлерін меңгеру
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	1. «New English File. Intermediate». Student's book. Oxford University Press, 2012. 2. Постельная, А.И. Разговорные темы [Текст]: методические указания/А.И. Постельная-Ухта: Изд-во УГТУ, 2014 3. Агабекян, И.П. Английский язык для ССУЗОВ [Текст]: учеб. пособие /И.П. Агабекян.-М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2015 4. McMillan Dictionary of Contemporary English. - McMillan, 2010. 5. R. Harrison, S. Philpot, L. Curnick. New Headway Academic Skills. Reading, Writing, and Study Skills. Oxford University Press. - 2009. 6. Arline Burgmeier, Lawrence J.Zwier, Bruce Rubin, Kent Richmond. Inside Reading. The Academic Word List in Context. Intermediate to Advanced. Oxford. - 2009. 7. Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. Cambridge University Press.-2010. 8. British National Corpus: <a href="http://www.natcorp.ox.ac.uk">http://www.natcorp.ox.ac.uk</a> Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010.

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>КЕ 5206 Қаржылық есеп (ілгерілемелі)</b>
Пәннің ПОҚ	Несипбеков Е.Н., Бейсенбаева А.К., Бейсекова Ж.Ы
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103-Есеп және аудит
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Есеп және аудитті зерттеудің әдістемелік негізі, қаржылық есеп 2
Пәннің постреквизиттері	диссертациялық жұмыс
Пәнді оқу мақсаты	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары негізінде меңгеруде іргелі тақырыптарды оқытудан: сегменттік есептілік, түсім, қызметкерлерге сыйақылар, мемлекеттік субсидиялар есебі және мемлекеттік көмек жөніндегі ақпараттарды ашып көрсету, займдар бойынша

	шығындар есебі дағдысын меңгеру.
Пән мазмұны	Қаржылық есептің құрамдас бөлігі және шоғырландырылған қаржылық есептілік, бизнесті біріктіру, қаржы құралдарын пайдалану, шетел валютасымен операциялар бойынша компаниялардың, бірлескен кәсіпорындардың бухгалтерлеріне қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды негіздеуден және олардың есептілігін қалыптастырады. Осы мақсатта қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын кәсіби пайымдау қарастырылады.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>біледі:</b> халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық есептің тұжырымдамаларын, қағидаттары мен даму бағыттарын қаржылық есепке алу және оны реттеу әдістерінің ең маңызды айырмашылықтарына сәйкес ұйымдастыру жолдарын;</li> <li>- <b>түсінеді:</b> есептік ақпаратты қалыптастыруға және ашуға тұжырымдамалық тұрғыдан англо-саксондық қаржылық есеп және есептілік жүйесін;</li> <li>- <b>қолдана алады:</b> техниканы пайдалану әдістері қалыптастыру мақсаттары үшін қаржылық есепке алу әдістемелерін шаруашылық қызметінің фактілері туралы дұрыс ақпарат, қаржылық есепке алу және есептілік жүйесінде анықталған қателерді анықтау және түзету әдістерін;</li> <li>- <b>құзретті:</b> халықаралық қаржылық есептілік стандарттары негізінде ұйымдастыру қабілеттілігі және алған білім нәтижесін бағалай алуға.</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 немесе 2 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p style="text-align: center;"><b>Негізгі</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алисенов А. С. Международные стандарты финансовой отчетности: учебник и практикум для бакалавриата и специалитета /А.С. Алисенов.-2-е изд., перераб. и доп. - М.: Издательство Юрайт, 2019. -404с.</li> <li>2. Международные стандарты финансовой отчетности: учебное пособие для студентов, обучающихся по специальности «Бухгалтерский учет, анализ и аудит» / М.А Вахрушина, Л.А Мельникова, Н.С. Пласкова; под ред. М.А Вахрушиной. – Москва: Омега-Л, 2016</li> <li>3. Аверчев И.В. «МСФО-2013. Комментарии и практика применения». М.: Бухгалтерский учет, 2013.</li> <li>4. Учебно-практическое пособие по применению МСФО. Алматы. ЦДБ. 2006</li> <li>5. Международные стандарты финансовой отчетности и аудита (базовый уровень): учебное пособие. – Астана: АО «Центр подготовки, переподготовки и повышения квалификации специалистов органов финансовой</li> </ol>

	<p>системы», 2018г.</p> <p>6. Применение МСФО 2010. Ч.1-3.М.: Альпина, 2011</p> <p style="text-align: center;"><b>Қосымша</b></p> <p>7. Нурсеитов Э.О., Нурсеитов Д.Э. Путеводитель по международным и национальным стандартам финансовой отчетности. ТОО «Союз Эксперт Инфо», 2008</p> <p>8. Назарова В.Л. Бухгалтерский учет: Учебное пособие/Под ред. С.С.Сатубалдина.-Алматы: Алматы кітап баспасы, 2011</p> <p>9. Закон РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28.02.2007г. №234-III</p> <p>10. Sidney J. Gray, Belverd E. Needles. Финансовый учет: глобальный подход. Пер. на рус. язык корпорация Прагма на основании контракта с USAID, 2005</p> <p>11. <a href="https://www.audit-it.ru/articles/finance">https://www.audit-it.ru/articles/finance</a></p>
--	---

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ДКВЗhET 5207-Дағдарысқа қарсы басқару жағдайындағы есеп және талдау</b>
Пәннің ПОҚ	Несипбеков Е.Н., Шегіп F., Бейсекова Ж.Ы
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Қаржылық есеп, Басқарушылық талдау
Пәннің постреквизиттері	Магистерлік диссертация
Пәннің мақсаты	Магистранттардың банкроттық тұжырымдамасы мен рәсімдерін, сондай-ақ кәсіпорынның қаржылық сауықтыру және бақылау процедураларында борышкердің шаруашылық операцияларын есепке алу ерекшеліктерін зерттеу. Ұйымдардың қаржылық жағдайының көрсеткіштерін есептеу және талдау тәсілдерін үйрену.
Пәннің мазмұны	Сотқа дейінгі қайта құруды есепке алу ерекшеліктері. Мониторинг және қаржылық сауықтыру процедураларында борышкердің шаруашылық операцияларын есепке алуды ұйымдастыру. Сыртқы басқару процедурасында борышкердің шаруашылық операцияларын есепке алу. Борышкердің банкроттық рәсіміндегі және борышкердің бітімгершілік келісім жасасқан кездегі шаруашылық операцияларын есепке алу. Төлем қабілетсіздігінің (банкроттықтың) белгілі бір кезеңдеріндегі бухгалтерлік балансты қалыптастыру және есеп беру. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сату процесінің есебі. Бухгалтерлік (қаржылық) есептілік банкроттық рәсімдерінде талдаудың ақпараттық көзі ретінде. Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін

	(банкроттығын) талдау
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білу керек: банкроттықты есепке алуды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын және оның кәсіпорынның қаржылық ережелеріндегі рөлін;</li> <li>- меңгеру керек: кәсіпорынның қаржылық дағдарыстан шығудың экономикалық бағыттары және оларды бухгалтерлік есеп пен есептілікте көрсету дағдылары;</li> <li>- құзыретті болу керек: банкроттық кезінде тиімді экономикалық шешімдердің нұсқаларын кәсіби әзірлеу және негіздеу.</li> </ul>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2020 ж. 30 желтоқсан өзгертулермен)</li> <li>2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі</li> <li>3. Оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V ЗРК Заңы</li> <li>4. Карзаева Н.Н., Харчева И.В., Якимец О.В. и др. Бухгалтерский учет в сельском хозяйстве: Учебник 2010. 608с.</li> <li>5. Хоружий Л.И., Хусайнова А.С. Проблемы формирования системы финансовой и управленческой отчетности сельскохозяйственных организаций.- М.: Изд-во РГАУ-МСХА, 2012.</li> <li>6. Катков Ю.Н. Формирование и визуализация управленческой отчетности в АПК с использованием ОБАР-технологий // Бухучет в сельском хозяйстве. 2011. № 7. С. 45-51.</li> <li>7. Хайдаршина Г.А. Комплексная модель оценки риска банкротства // Финансы. 2009. № 2.</li> <li>8. Чалдаева Л.А. Антикризисное управление как инструмент финансовой стабилизации предприятия // Экономический анализ: теория и практика. 2009. № 10.</li> <li>9. Чернова М.В. Методика экономического анализа в конкурсном производстве // Экономический анализ: теория и практика. 2008. № 12.</li> <li>10. Шеремет А.Д., Негашев Е.В. Методика финансового анализа деятельности коммерческих организаций. 2-е изд., перераб., и доп. - М.: ИНФРА-М, 2011. 208 с.</li> <li>11. Шальнева М.С. Финансовая политика как фактор развития компании /Финансовый вестник: финансы, налоги, страхование, бухгалтерский учет. 2013.№1.С.9-17.</li> </ol>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>КЕАА 5209 -Қаржылық есептілік аудитінің әдістемесі</b>
Пәннің ПОҚ	Бейсенбаева А.К. Несипбеков Е.Н., Бейсекова Ж.Ы
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103-Есеп және аудит
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Қаржылық есептілік аудиті, Қаржылық есептілік
Пәннің постреквизиттері	Магистерлік диссертация
Пәннің мақсаты	Магистранттардың қаржылық есеп беру ақпаратының сенімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін арнайы процедуралар жиынтығын зерттеуі. Қаржылық есептілік аудитінің мәні мен оның нәтижелерінің ресімделуі және аудиторларға қойылатын талаптарды ашып көрсету
Пәннің мазмұны	Қаржылық есеп беру аудитінің сипаттамалары. Аудит жүйесінің түсінігі және элементтері. Қаржылық есеп беру аудитінің мәні. Қаржылық есеп беру аудитінің мақсаты. Қаржылық есеп беру аудитіндегі тәуелсіздік және кәсіби күмән. Аудиторға қойылатын қосымша талаптар. Қаржылық есеп беру аудитінің негізгі міндеттері. Аудит нәтижелерін тіркеу.
Пәннің құзыреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: <ul style="list-style-type: none"> <li>- білуі керек: қаржылық есептілік аудитін ұйымдастырудың негізгі принциптері мен әдістерін;</li> <li>- жасай алуы керек: осы пәнді оқу барысында алған теориялық білімдерін практикада қолдана алады және қаржылық циклге аудит ұйымдастыра алатындығын;</li> <li>- меңгеруі керек: қаржылық есептілік циклінің операцияларын тексеру дағдыларын;</li> <li>- құзыретті болу: кәсіпорында қаржылық есеп беру жүйесінің аудиті мен бақылау жүйесін ұйымдастыруға.</li> </ul>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Қолданылатын әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңы // (01.2018 ж. Өзгертулер мен толықтырулармен)</li> <li>2. Грибановский А.М. Шоғырландырылған қаржылық есептілік: бәрі қалай басталды (орыс). Журнал «Корпоративтік қаржылық есептілік. Халықаралық стандарттар». 43 б.</li> <li>3. Баранов П.П. Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі аудитордың кәсіби пікірі құбылысы туралы ойлардың трансформациясы // Аудитор. 2011. No 11. S. 14-20;</li> <li>4. Гутсайт Е.М. Аудит және басқа ғылымдар // Аудитор. 2010. № 10. S. 15-26.</li> </ol>

	<p>5. Толчинская М.Н. Қазіргі ақпараттық ортадағы қаржылық есептіліктің аудиті//Экономика және кәсіпкерлік. 2013. №11.S.521-525.</p> <p>6. Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес тәуелсіз аудитордың және аудиттің жалпы міндеттері: Аудиттің халықаралық стандарты 200 [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <a href="http://apu.com.ua/files/temp/Audit_2013_1.pdf">http://apu.com.ua/files/temp/Audit_2013_1.pdf</a></p> <p>7. Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісі мен оның қоршаған ортасын түсіну арқылы елеулі бұрмалаушылық тәуекелдерін анықтау және бағалау 315 [Электрондық ресурс].-Кіру режимі: <a href="http://apu.com.ua/files/temp/Audit_2013_1.pdf">http://apu.com.ua/files/temp/Audit_2013_1.pdf</a></p> <p>8. Hamster R.L. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық есептілігін тексерудің ұйымдастырылуы мен әдістері/Хомяк Р.Л., Цюцак И.Л., Цюцак А.Л. [Электрондық ресурс].-Кіру режимі:<a href="http://vlp.com.ua/files/37_4.pdf">http://vlp.com.ua/files/37_4.pdf</a></p>
--	--

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>КЕАНС 5208-Қаржылық есептіліктің және аудиттің халықаралық стандарттары</b>
Пәннің ПОҚ	Несипбеков Е.Н., Шегір Ғ., Бейсекова Ж.Ы.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103 – Есеп және аудит
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр/триместр	<b>1</b>
Пәннің пререквизиттері	«Бухгалтерлік есеп негіздері», «Қаржылық есеп 1», «Қаржылық есеп 2», «Аудит негіздері».
Пәннің постреквизиттері	«АӨК салаларының бухгалтерлік есебі және есептілігі», «АӨК ұйымдарындағы қаржылық есептіліктің аудиті», «АӨК ұйымдарындағы Ішкі аудит», ма-гистрлік диссертацияны орындау
Пәнді оқу мақсаты	Қаржылық есептіліктің және аудиттің халықаралық стандарттарының талаптарына сай бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құру, сондай-ақ аудит жүргізу әдістемесін меңгерген мамандарды даярлау
Пән мазмұны	<p>Курс қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (ХҚЕС) және халықаралық аудит стандарттарының (ХАС) негізгі қағидаларын және осы стандарттардың талаптарына негізделетін бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құрудың, сондай-ақ, аудит жүргізудің заманауи концепциясы мен принциптерін оқытады.</p> <p><b>Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары.</b></p> <p>Халықаралық стандарттардың мәні және ерекшелігі. Халықаралық стандарттарды қолдану тәртібі. Халықаралық стандарттарды құру методологиясы.</p>

	<p>ХҚЕС №3 «Бизнестің бірігуі», ХҚЕС №10 «Біріктірілген (шоғырландырылған) және жеке қаржылық есептілік», ХҚЕС №7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есептілік», ХҚЕС №9 «Қаржылық құралдар», ХҚЕС №16 «Жалдау», ХҚЕС №12 «Пайдаға салынатын салық», ХҚЕС №21 «Валюталардың айырбастау бағамы өзгеруінің әсері», ХҚЕС №41 «Ауылшаруашылығы».</p> <p><b>Халықаралық аудит стандарттары (ХАС).</b> Қазақстандағы халықаралық аудит стандарттары (ХАС). Қазақстан Республикасында аудитті норматив-тік-құқықтық реттеу жүйесі. ХАС-120 «Халықаралық аудит стандарттарының тұжырымдамалық (кон-цептуалдық) негізі», ХАС- 200 «Тәуелсіз аудитордың жалпы мақсаттары және ХАС-на сәйкес аудит жүргізу», ХАС-210 «Аудит өткізу бойынша келісім жасау шарттары». ХАС-220 «Аудиторлық жұмыстың сапа-сына бақылау жасау», ХАС-230 «Құжаттау». ХАС-300 «Жоспарлау», ХАС-500 «Аудиторлық дәлелдеулер», ХАС -700 «Қаржылық есептілік туралы пікірді қалыптастыру және қорытынды жасау».</p>
Пәннің күзіндеттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құруды және аудит жүргізуді реттейтін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) және Халықаралық аудит стандарттарының ережелері мен қағидаларын біледі;</li> <li>- Қаржылық есептіліктің және аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа ала отырып бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құру , сондай-ақ, аудит жүргізу процедураларын орындау әдістемесін түсінеді;</li> <li>- Қаржылық есептіліктің және аудиттің халықаралық стандарттарында қарастырылған бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құру , сондай-ақ, аудит жүргізудің принциптері мен тәсілдерін өзінің кәсіби қызметіне қолдана алады</li> <li>- Қаржылық есептіліктің және аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа ала отырып бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құрудың және аудит жүргізудің әдістемелік тәсілдерін меңгеруге <b>күзретті болады</b></li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>1.Международные стандарты финансовой отчетности. Перевод полного официального текста МСФО, действующих в ЕС . М.: Аскери, 2018 г.</p> <p>2.Палий В.Ф. Международные стандарты финансовой отчетности. – Москва: ИНФРА-М, 2017 г.</p>



	<p>3. Байболтаева Н.Ә. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары. Оқу құралы. Алматы: ҚазҰАУ, «Айтұмар» баспасы, 2015</p> <p>4. Сейдахметова Ф.С. «Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп» Алматы «ЛЕМ», 2012</p> <p>5. Тулешова Г.К. Финансовый учет и отчетность в соответствии с международными стандартами (часть 1, 2), Алматы-2015</p> <p>6. Международные стандарты аудита Том 1,2. Алматы – Раритет, 2012.</p> <p>7. Байболтаева Н.Ә. «Аудит негіздері» Оқу құралы Алматы, «Айтұмар» баспасы, 2019</p> <p>8. Нурсейитов Э.О. Нурсейитов Д.Э. Международные стандарты аудита - Алматы: «Экономика», 2013</p>
--	---

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>SBE 5210 - Стратегиялық басқару есебі</b>
Пәннің ПОҚ	Несипбеков Е.Н., Бейсекова Ж.Ы., Шегір Ғ.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103- Есеп және аудит
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Қаржылық есеп, Басқару есебі
Пәннің постреквизиттері	Магистерлік диссертация
Пәннің мақсаты	Магистранттардың өзіндік ресурстық әлеуетін сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіптерімен салыстыру негізінде шығындар бойынша стратегиялық шешімдер қабылдау және жүзеге асыру тұжырымдамасы мен процесін зерттеуі.
Пәннің мазмұны	Басқару есебіне стратегиялық тәсілді қалыптастыру. Құндар тізбегін зерттеу процесінде ұйымның мақсатты шығындарын талдау. Функционалды шығындар есебі (АВ-костинг) ассортименттік саясатты қалыптастыру тәсілі ретінде. Дайын өнімнің құнын есептеудің стратегиялық тәсілі. Тауарлы-материалдық қорларды басқаруды оңтайландыру әдістері. Ұйымдастыру бөлімшелерінің қызметін жоспарлау, өлшеу және бақылау. Қазіргі ұйымды басқарудағы бюджеттеудің рөлі. Ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық қолдау. Ұйымның сегменттік есебі жауапкершілік орталықтарының қызметін бағалаудың негізі ретінде. Стратегиялық басқарушылық есеп жүйесіндегі экономикалық-математикалық модельдеу
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>Меңгергеннен кейін магистрант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білу керек: басқару есебіндегі стратегиялық тәсілдің негізгі принциптерін ажырата;</li> <li>- жасай алуы керек: осы пәнді оқу барысында алған</li> </ul>

	теориялық білімдерін практикада қолданып басқару шешімдерін қабылдау мақсатында шығындар есебін дербес жүргізуді; - меңгеруі керек: заманауи ұйымды басқарудағы бюджеттеу дағдыларын; - күзіретті болуы керек: стратегиялық басқару жүйесінде модельдеуді кәсіби түрде дамытуға.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аверчев И.В. Управленческий учет и отчетность: постановка и внедрение. М.: АСТ, 2011.</li> <li>2. Аналоу Ф., Карами А. Стратегический менеджмент малых и средних предприятий : пер. с англ. М. : Юнити-Дана, 2005.</li> <li>3. Ансофф И. Стратегическое управление : пер. с англ. М. : Прогресс, 2008.</li> <li>4. Вахрушина М.А. Проблемы и перспективы развития управленческого учета// Международный бухгалтерский учет. 2014. № 33.С. 12-23.</li> <li>5. Друри К. Управленческий и производственный учет: учебник: пер. с англ. М. : Юнити-Дана, 2013.</li> <li>6. Каверина О.Д. Управленческий учет: системы, методы, процедуры. М.: Финансы и статистика, 2004.</li> <li>7. Каплан Р., Нортон Д. Система сбалансированных показателей: перевод стратегии в действие. М., 2006.</li> <li>8. Карпова Т.П. Управленческий учет. М.: Аудит: Издательское объединение «Юнити», 2004.</li> <li>9. Керимов В.Э. Бухгалтерский управленческий учет: учебник. 9-е изд., изм. и доп. М.: Дашков и К, 2014.</li> <li>10. Николаева О.Е., Шишкова Т.В. Стратегический управленческий учет. М.: Едиториал УРСС, 2016.</li> <li>11. Остервальдер А., Пинье И. Построение бизнес-моделей: настольная книга стратега и новатора = Business model generation. М.: Альпина Паблишер, 2016.</li> </ol>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ТВЕ 5210 Терендетілген басқару есебі</b>
Пәннің ПОҚ	Несипбеков Е.Н., Бейсекова Ж.Ы., Найманова Ж.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103-Есеп және аудит
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Есеп және аудитті зерттеудің әдістемелік негізі, басқару есебі 2
Пәннің постреквизиттері	диссертациялық жұмыс
Пәнді оқу мақсаты	өндірістік шығындар мен оның есебін, есептеудің инновациялық әдістерін игеру, шығынсыз өндірісті

	талдау және басқару шешімдерін қабылдауға үйрету.
Пән мазмұны	Терендетілген басқару есебі - бұл қысқа мерзімде кәсіпорынның қаржылық нәтижелерін оңтайландыру мақсатында қажетті аналитикалық бөлімдердегі кірістерді, шығындар мен экономикалық қызметтің нәтижелерін есепке алу, жоспарлау, бақылау, талдау жүйесі, әртүрлі басқару шешімдерін жедел қабылдау. және ұзақ мерзімді жоспар құруға қажет ақпарат дайындау үрдісі.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін магистрант:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпорын және оның өндірістік ішкі бөлімшелері туралы ақпарат жинау, өңдеу және дайындау жүйесі; бухгалтер-аналитиктер басқарушылық шешімдер қабылдауға пайдалы ақпарат қалыптастыру процесінде шешетін міндеттерін <b>біледі</b>;</li> <li>- өндіріс шығындары туралы мәліметтерді жүйелеу, өнімнің өзіндік құнын бағалау және пайданы анықтау үшін басқару есебінің принциптері туралы жүйесін <b>түсінеді</b>;</li> <li>- өндірілген өнімнің, орындалған міндеттер мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнын есептеу әдістерін <b>қолдана алады</b>;</li> <li>- нақты жағдайларды, жаңа өнімнің рентабельділігі, өнім көлемі мен ассортиментінің өзгеруі, күрделі салымдар, шығындарды басқару мәселелерін шешуге <b>құзретті</b>;</li> </ul>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 немесе 2 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Друри, К. Управленческий и производственный учет: Учебник./К.Друри. - М.: ЮНИТИ, 2015. - 1423 с.</li> <li>2. Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж, Ш.Датар «Управленческий учет» Санктъ – Петербург 2011</li> <li>3. Хоружий, Л.И. Управленческий учет в сельском хозяйстве: Учебник/Л.И. Хоружий, И.А. Сергеева, О.И. Костина. - М.: Инфра-М, 2018. - 160 с.</li> <li>4. Пашигорева Г.И., Савченко О.С. Системы управленческого учета и анализа Санктъ-Петербург 2012ж</li> <li>5. Шутова, И.С. Бухгалтерский (управленческий) учет в сельском хозяйстве: Учебное пособие/И.С.Шутова, Г.М. Лисович. - М.: Вузовский учебник, 2018.-64с.</li> <li>6. Алан Апчерч. Управленческий учет: принципы и практика.Москва 2011</li> </ol> <p style="text-align: center;"><b>Қосымша әдебиеттер тізімі</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>7. Каверина, О.Д. Управленческий учет: Учебник и практикум для академического бакалавриата/О.Д. Каверина. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 389 с.</li> <li>8. Островская, О.Л. Управленческий учет: Учебник и практикум для прикладного бакалавриата/О.Л.</li> </ol>

	<p>Островская, Е.Б. Абдалова, М.А. Осипов.-Люберцы: Юрайт, 2016.-383 с</p> <p>9. Каверина, О.Д. Управленческий учет: Учебник и практикум для СПО/О.Д.Каверина.-Люберцы:Юрайт, 2016.-389с.</p> <p>10. Леонгардт, В.А. Учет и анализ (финансовый и управленческий учет и анализ):Учебное пособие/В.А. Леонгардт.-Рн/Д: Феникс, 2019.-112 с.2013.-551с.</p> <p>11. Чая, В.Т. Управленческий учет: Учебник и практикум для академического бакалавриата/В.Т.Чая, Н.И. Чупахина.-Люберцы: Юрайт, 2016.-332с.</p>
--	--

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>ВР 5205 - Басқару психологиясы</b>
Пәннің ПОҚ	Аманбаева Э.А., Кенбаева Г.К., Скабаева Г.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103-Есеп және аудит
Академиялық кредит саны	3
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	2
Пәннің пререквизиттері	Педагогикалық практика, менеджмент.
Пәннің постреквизиті	ДФЗЖ, зерттеу тәжірибесі
Пәнді оқу мақсаты	магистранттардың басқару іс-әрекетінің психологиялық заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, басқару қатынастарының психологиялық жағының көріну ерекшеліктерімен танысу; басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары туралы жүйелік идеялардың қалыптасуына ықпал ету, басқару тиімділігінің төмендеуінің негізіндегі психологиялық себептерді талдау дағдыларын игеру; магистранттарды басқару қатынастарының психологиялық жағының көрініс ерекшеліктерімен таныстыру.
Пән мазмұны	Пән басқару психологиясының пәнін, мәнін, міндеттерін және құрылымын, психологиялық зерттеу әдістері мен оны зерттеудің негізгі тәсілдерін қарастырады. Сонымен қатар басқарушылық іс-әрекет субъектісінің психологиясын, танымдық іс-әрекет психологиясын, басқару қызметіндегі перцептивті, мнемоникалық, ойлау процестерін қарастырады. Курс заманауи іскер адамның іс-әрекетіндегі этикет, көшбасшының коммуникативті құзіреттілігі, басқару қызметіндегі эмоционалды және ерікті жағдайлары, басқарушылық қызмет қабілеттілігі туралы идеяларды қалыптастырады.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: <i>Білуі керек:</i> басқару процесінің психологиялық компоненті; кәсіптік қызметтегі басқару процесінің әдістері, заңдары және негізгі элементтері; басқарушылық қызметтің психологиялық ерекшелігі, басқарушылық

	<p>қызметтің тиімділігіне әсер ететін менеджерлер мен бағыныштылардың жеке сипаттамалары; іскери қарым-қатынастың нысандары мен заңдылықтары және оны оңтайландыруға арналған ұсыныстар;</p> <p><i>Іскерліктерін меңгеру:</i> басқару субъектісі ретінде топ пен ұйым психологиясының ерекшеліктерін түсіну; тұлғаның психологиялық сипаттамаларына талдау жасау; өзіңіздің психикалық жағдайыңызды түсіндірің; жеке тұлғаны психологиялық талдау нәтижелерін басқарудың тиімділігін арттыру мүддесінде пайдалану; адамдарды басқару, күрделі іскерлік жағдайларды талдау мүмкіндігі;</p> <p><i>Меңгеруі керек:</i> басқару процесінде мінез-құлықты және өзара түсіністі өзін-өзі реттеу әдістері; басқару техникасы мен әдістері, тыңдау дағдылары, әңгімелер, келіссөздер, сенімдер; басқару тиімділігінің төмендеуіне негізделген психологиялық себептерді талдау дағдылары; басқарушылық әсер етудің тиімді әдістерін игеру;</p> <p><i>Құзыретті болуы тиіс:</i> кәсіби қабілеттерін бағалау әдістері мәселелерінде; негізгі психикалық функциялардың барысын өзін-өзі реттеу мәселелерінде; алған психологиялық білімдерін басқарушылық қызметтің әртүрлі жағдайларында практикалық қолдануда; басқару саласындағы психологиялық құбылыстарды зерттеуде.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Ахтаева, Н.С. Басқару психологиясы [Мәтін]: оқу құралы /Н.С.Ахтаева, А.І. Әбдіғапбарова, З.Н. Бекбаева.-Алматы: Бастау, 2009.-250б.</p> <p>Беляев, Ю.М. Инновационный менеджмент [Текст]: учебник /Ю.М. Беляев.-М.: Дашков и К*, 2014.-220с.</p> <p>Авдулова, Т.П. Психология менеджмента [Текст]: Учебное пособие/Т.П. Авдулова.-Москва: Академия, 2003.-251с.</p> <p>Кусаинова, Н.М. Психология и этика делового общения [Текст]: учеб.-метод. комплекс/Н.М. Кусаинова.-Алматы: Эпиграф 2016.-240с.</p>

<b>Пәннің коды мен атауы</b>	<b>KSJB 5301-Кәсіпкерлік саласындағы жобаларды басқару</b>
пәннің ПОҚ	Жангирова Р.Н., Саурукова А.К.
Пән циклі	БеП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М04103-Есеп және аудит
Академиялық кредиттер саны	5
Оқыту түрі	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Менеджмент, маркетинг (бакалавриат)

Пәннің постреквизиттері	Магистерлік диссертацияны жазу
Пәнді оқып-үйренудің мақсаты	Осы курстың мақсаты магистранттарда өзгерістерді және даму процестерін басқаруға қатысты шешімдерді құру, қабылдау және бағалау үшін кәсіпкерлік қызметте жобаларды басқарудың әдіснама негіздерін, әдістері мен тәсілдерін құру және пайдалану білімі мен іскерлігін қалыптастыру болып табылады. Алынған білім оларға жобаларды басқару мәселелерінде кәсіпорындарға көмек көрсетуге көмектеседі.
Пәннің мазмұны	жобаларды және бағдарламаларды басқарудың негізгі әдіснамаларымен, әдістерімен және тәсілдерімен, инвестициялау және жобаларды дайындау әдістерімен танысу, инвестициялық мүмкіндіктерді талдау және ұйымды басқарудың жобалық-бағдарланған нысанына көшіру, басқару шешімдерін қабылдауды компьютерлік қолдау әдістері мен жүйелері, уақытты басқару әдістері, жобалардың құны, жобаларды бағалау, олардың сапасы мен тәуекелдері, адами ресурстар және сатып алулар; - жобаларды, бағдарламаларды әзірлеу және оларды жаңа технологиялар негізінде тәжірибеге енгізу, заманауи әдістер мен құралдарды қолдана отырып жобаларды бақылау, жобалардың экономикалық тиімділігін бағалау, заманауи әдістерді қолдана отырып жобаларды басқарудың типтік схемаларын қолдану мүмкіндігі.
Пәннің құзыреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: Білуі тиіс: жобаны басқарудың заманауи әдіснамасын; басқару объектісі ретінде жобалардың, бағдарламалардың анықтамалары мен түсініктерін; басқару субъектілері және олар пайдаланатын құралдар туралы анықтамалар мен түсініктерді; жобаның әртүрлі функционалдық салаларын басқару процестері мен құралдарын; жобаларды басқаруда қолданылатын қазіргі заманғы бағдарламалық құралдар мен ақпараттық технологияларды; жобаларды басқарудың даму тарихы мен үрдістерін; жобаны басқарудың негізгі құралдарын.; Істеуі керек: жобаның стейкхолдерлерінің мақсаттары мен мүдделерін талдау; жобаның мақсатын, пәндік саласын және құрылымын анықтау; жобаны жүзеге асырудың күнтізбелік жоспарын есептеу; жобаның жиынтық жоспарының негізгі бөлімдерін қалыптастыру; жобаның тәуекелдерін талдау; жобаны басқарудың негізгі міндеттерін шешу үшін бағдарламалық құралдарды таңдауды жүзеге асыру. Құзыретті болу: - жобалардағы командалық жұмыс дағдылары; кәсіпкерліктегі күрделі емес жобаларды өз бетінше басқару техникасы; жобаларды басқарудың барлық функционалдық салаларындағы күрделі жобаларды

	басқарушыға көмектесуге қабілетті болу; күрделі жобаларға команда жұмысына тиімді қатысуға қабілетті болу
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
